**ҚР Жоғары сотының төрағасы**
**Қ.А.Мамиге**

заңгер Эльмира Жалелханкызы
Баймолдановадан

мекенж: ШҚО, Өскемен қаласы

## АЛҒЫС ХАТ

### ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРАТ АБДРАЗАҚОВИЧ!

Шығыс Қазакстан Облысы, Өскемен калалык сот отырысында Дуйсебаева Рауан Токтарбекованың Аплатанов Талғат Зейноллаұлына неке кезінде алынған ортақ мүлікті бөлу туралы талап арызы бойынша азаматтық іс қаралды. Мен сенімхат бойынша Т.З.Аплатановтың өкілі болдым , істі судья Казбек Аркадьевич Дегенбаев 05.09.2016 жылы қарап, көпке созылған сот отырысын судья медиациялық тәртіппен қарап ұйғарым шығарды. Судьяның шығарған ұйғарымына талапкер де жауапкер де разылықтарын білдіріп , алғыстарын айтып тарады.

Сот отырысында судья, сабыр сақтай отырып талапкердің де, жауапкердің де пікірлерін асықпай тыңдап және жас отбасына өзінің ақыл кеңесін беріп дауды медиациялық жолмен шеше білді. Мен заңгер ретінде бірнеше рет сот отырысына катысқанымда байқағаным судья К.А.Дегенбаев өз ісіне шебер,адал және жұмысына бар жан тәнімен берілген, әділ жан екеніне көзім жетті және сот шешімдерін уақытында дайындап , уақытында жібереді. Осыған орай К.А.Дегенбаев мырзаға алғысымызды білдіре отырып деніне саулық, еңбегіне жеміс тілеймін.

Қазақстанымызда осындай әділ соттар көбейсе екен.

Құрметпен заңгер Э.Ж. Баймолданова
15.11.2016 жыл.

...Алқасының
22 11 2016ж.
Кіріс № 4801 Бет 1
10/5